Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Батыс Қазақстан облысы бойынша департаменті

«Аксайжылукуат» МКК-ның Бөрлі ауданының селолық округтеріндегі суды таратушы желілер арқылы беру бойынша қызметіне 2027-2031 жылдарға арналған шекті тарифін және тарифтік сметасы жобасын қарау жөніндегі жария тыңдаудың
ХАТТАМАСЫ

Орал қ. **16 қазан 2026 ж.**

Басталуы: 11.30
Аяқталуы: 12.00

Төраға:
Департамент басшысының м.а. Жаманкулов С.А.

Қатысқандар:

1.	ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу комитетінің БҚО бойынша департаменті	2 адам.
2.	«Аксайжылукуат» МКК	2 адам.
3.	Тұтынушылар және басқа да мүдделі тұлғалар онлайн режимде (соның ішінде):	11 адам
	Барлығы:	15 адам

КҮН ТӘРТІБІ

1. ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу комитетінің БҚО бойынша департаменті басшысының м.а. С.А.Жаманкуловтың кіріспе сөзі.
2. «Аксайжылукуат» МКК-ның Бөрлі ауданының селолық округтеріндегі суды таратушы желілер арқылы беру бойынша қызметіне 2027-2031 жылдарға арналған шекті тарифін және тарифтік сметасын бекіту жобасы бойынша баяндамашы – «Аксайжылукуат» МКК жоспарлау және экономика бөлімінің басшысы Абишова Малика Мурзахметовна.
3. Пікір алмасу, тұтынушылардың сұрақтарына жауаптар.

4. ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу комитетінің БҚО бойынша департаменті басшысының м.а. С.А.Жаманкуловтың қорытынды сөзі.

Жария тыңдауды төраға Жаманкулов С.А. ашты және жиналғандарға кіріспе сөз сөйлеп, өткізілген қоғамдық тыңдаулардың мақсаттары мен міндеттері туралы айтып берді.

«Аксайжылукуат» МКК-ның Бөрлі ауданының селолық округтеріндегі суды таратушы желілер арқылы беру бойынша қызметіне 2027-2031 жылдарға арналған шекті тарифін және тарифтік сметасын бекіту жобасы бойынша - «Аксайжылукуат» МКК жоспарлау және экономика бөлімінің басшысы Абишова Малика Мурзахметовна баяндама жасады.

«Аксайжылукуат» МКК-ның Бөрлі ауданының селолық округтеріндегі суды таратушы желілер арқылы беру бойынша қызметіне 2027-2031 жылдарға арналған шекті тарифін және тарифтік сметасын бекіту жобасын талқылау барысында сұрақтар түскен жоқ.

Жария тыңдаудың соңында Жаманкулов С.А. тарифтік және тарифтік сметаны бекіту туралы өтінішті қарау бойынша шешім қолданыстағы заңнамада белгіленген тәртіппен қабылданады. Бұл ретте тұтынушыларды субъект заңнамада белгіленген мерзімде хабардар етеді.

* Тікелей эфир **Facebook** әлеуметтік желісі арқылы көрсетілді.

Төраға: **Жаманкулов С.А.**

Хатшы: **Исламғалиев Р.А.**